

# Балалардың жеке диагностикалық тексеру картасы

Жылдың соңы

Баланың аты –жөні: Сабитова Дanelя

Туған жылы: 09.11.2020жыл

Топ: «Қарлығаш»

Мақсаты:

Бала дамуының негізгі психикалық процестерін (зейін, қабылдау, ойлау, сөйлеу, есте сақтау, эмоциялық-ерік және моторлық даму) зерттеу, жеке ерекшеліктерін анықтау және түзету бағыттарын белгілеу.

р/с	Қолданылатын әдістеме	Нәтиже
1	<p><b>Зейін мен қабылдауды анықтау</b> Мақсаты: назар тұрақтылығын, шоғырлану мен көру-қабылдау дәлдігін бағалау. -«Артық суретті тап» — 10 заттың ішінен сәйкес келмейтінін көрсету - «Ұқсас суреттерді тап» — бірдей заттарды табу -«Пішіндерді біріктірі» — түстер мен пішіндерді жұптау - «Қатесін тап » — суреттегі ұсақ қателерді табу.</p>	<p>Барлық артық затты тапты.</p> <p>Жақсы</p> <p>Сәйкестендірді.</p> <p>Суреттегі екі қатені тапты, үш қатені таба алмады.</p>
2	<p><b>Есте сақтауды тексеру</b> Мақсаты: қысқа мерзімді есте сақтауды бағалау. - «4 жолды өлең жатта» — балаға 4 жолды өлеңді қайталатып жаттату. - «Қайталашы» — 7-8 қарапайым сөзді қайталау (мысалы: мысық, алма, үй, бала, ит, сағат, доп, машина.)</p>	<p>4 жолды жаттады, арасында шатасты.</p> <p>8 сөзден 7 сөзді есте сақтады.</p>
3	<p><b>Сөйлеу және ойлау дамуы</b> Мақсаты: сөздік қоры мен логикалық байланысын анықтау. - «Сурет бойынша әңгіме құрастыру» -«Не үшін керек?» ойыны (қасық – жеу үшін, қалам – жазу үшін) -Қарама-қарсы ұғымдарды атау (үлкен–кіші, жылы–суық) - «Заттарды топтастыр» (жемістер, киімдер, ойыншықтар)</p>	<p>Сурет бойынша әңгіме қысқаша құрады.</p> <p>Айтып берді</p> <p>Біледі, бірақ толық айтпайды, сұрақтарға қысқаша жауап береді. ғана</p> <p>Барлығын топтастырды</p>
4	<p><b>Ұсақ моторика</b> Мақсаты: саусаққозғалысын, үйлесімділігін бағалау. -Құм және дәндер</p>	<p>Жинайды, бірақ ұзақ отырғысы келмейді, жалығады.</p>

	- Суреттерді сәйкестендір. -Ірі моторика, түстерді сәйкесінше шеңберге дәл түсіру. - Нейрожаттығу орындау.	Сәйкестендірді. Түстері бойынша лақтыра алады.  Орындағысы келмесе де тырысады.
5	<b>Эмоциялық-ерік аймағы</b> Мақсаты: көңіл-күйі мен эмоциялық тұрақтылығын анықтау. - «Болады - болмайды» — теріс эмоцияны теріске қояды, дұрысты, дұрысқа қояды. - «Эмоциялар картотекасы» суреттерін талдау	Барлығын дұрыс қойып шықты. Эмоцияларды көрсетті, бірақ қай жағдайда болатынын түсіндіріп бермеді.
6	<b>Әлеуметтік бейімделу</b> Мақсаты: ересектермен және балалармен қарым-қатынасын анықтау. -Тапсырма кезінде белсенділігі -Көмек сұрай ма, жоқ па - Қарым-қатынасқатүсуі	Көңіл -күйге байланысты. Зейінін көп бөліп отырғысы келмейді. Көңіл –күйге байланысты.

### **Даму деңгейі**

#### **Зейін мен қабылдау**

Данеля артық заттарды толық анықтай алды, ұқсас суреттерді табу және пішіндерді сәйкестендіру тапсырмаларын дұрыс орындады. Көру арқылы қабылдауы мен салыстыру дағдылары қалыптасқан. «Қатесін тап» тапсырмасында бірнеше қатені анықтағанымен, барлық қателерді табуда қиындық байқалды. Бұл зейіннің тұрақтылығы мен бөлінуінің әлі де дамытуды қажет ететінін көрсетеді.

#### **Есте сақтау жақсы деңгейде**

Қысқа мерзімді есте сақтау қабілеті жас ерекшелігіне сәйкес қалыптасқан. Өлеңді жаттау барысында кейбір жолдарды шатастырғанымен, мазмұнын есте сақтады. Ұсынылған 8 сөздің 7 еуін дұрыс қайталап айтып берді.

#### **Сөйлеу және ойлау дамуы орташа-жақсы деңгейде**

Сурет бойынша қысқаша әңгіме құрастыра алады. Заттардың қызметін дұрыс түсіндіреді. Қарама-қарсы ұғымдарды біледі, бірақ ойын толық жеткізуде қиналады, көбіне қысқа жауап береді. Заттарды топтастыру тапсырмасын толық әрі дұрыс орындады. Логикалық ойлауы қалыптасқан, алайда байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру қажет.

#### **Ұсақ моторика орташа деңгейде**

Тапсырмаларды орындай алады, бірақ ұзақ уақыт бір әрекетке назарын шоғырландыру қиындық туғызады. Сәйкестендіру және түстер бойынша топтастыру жұмыстарын дұрыс орындады. Нейро жаттығуларды орындауға ынта танытпаса да, тапсырманы аяқтауға тырысады. Қол саусақтарының икемділігі мен төзімділігін дамыту қажет.

#### **Эмоциялық-ерік аймағы орташа деңгейде**

Жағымды және жағымсыз әрекеттерді ажырата алады. Эмоцияларды таниды және көрсете алады. Дегенмен эмоциялардың пайда болу себептерін түсіндіруде қиналады. Өз сезімдерін сөзбен жеткізу дағдыларын дамыту қажет.

### **Әлеуметтік бейімделу орташа деңгейде**

Баланың белсенділігі мен қарым-қатынасқа түсуі көңіл-күйіне байланысты өзгеріп отырады. Кейде тапсырмаға қызығушылық танытса, кейде зейіні тез бөлініп кетеді. Ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасау дағдылары қалыптасу үстінде.

### **Ұсыныстар**

- Зейінді дамытуға арналған «Қатесін тап», «Не өзгерді?», «Айырмашылығын тап» ойындарын жүйелі өткізу.
- Қысқа мерзімді есте сақтауды дамыту үшін тақпақ, жаңылтпаш, қысқа мәтіндерді жаттау жұмыстарын жалғастыру.
- Баланы толық сөйлеммен жауап беруге ынталандыру, сурет бойынша әңгіме құрастыру тапсырмаларын жиі қолдану.
- Сөздік қорын кеңейту мақсатында сұрақ-жауап, ертегі мазмұнын айту, рөлдік ойындар ұйымдастыру.
- Ұсақ моториканы дамыту үшін құммен, дәндермен, ермексазбен жұмыс, саусақ жаттығулары және графомоторлық тапсырмаларды көбейту.
- Эмоцияларды түсіну және сипаттау дағдыларын дамыту үшін эмоциялық карталармен және жағдаяттық суреттермен жұмыс жүргізу.
- Тапсырманы соңына дейін орындауға ынталандырып, жетістіктерін мадақтау.
- Зейіннің тұрақтылығын қалыптастыру үшін тапсырмалардың ұзақтығын біртіндеп арттыру.
- Құрдастарымен бірлескен ойындарға қатыстыру арқылы әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

### **Қорытынды**

Данеляда танымдық процестер, есте сақтау және логикалық ойлау дағдылары жас ерекшелігіне сәйкес жақсы қалыптасқан. Сөйлеуді толық әрі байланыстырып жеткізу, эмоцияларды түсіндіру, зейін тұрақтылығы және ұсақ моторика бағыттарында қосымша дамыту жұмыстары ұсынылады. Жалпы даму деңгейі орташа- жақсы деңгейде, әрі қарай жүйелі қолдау көрсетілген жағдайда даму динамикасы оң болады.

**Зерттелген күні 29.04.2026 жыл.**

**Педагог-психолог Каменова Жанар Забинулловна**